

**2016 жылы Шал ақын ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін көтерме жәрдемақы мен әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 ақпандағы № 46/7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 наурызда N 3659 болып тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 08 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабы 8 тармағына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына сәйкес Шал ақын ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Шал ақын ауданының әкімімен мәлімделген қажеттіліктерді ескере отыра, 2016 жылы Шал ақын ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына:

1) өтініш беру уақытында жетпіс есе айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) өтініш беру уақытында тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, бір мың бес жүз есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылады.

2. Осы шешімнің 1-тармағының күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Шал ақын ауданы  
мәслихатының  
XLVI сессиясының төрағасы*

*К. Сақтанов*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Шал ақын ауданы  
мәслихатының хатшысы*

*Н. Дятлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК